Гүлдана Мұхтарбекқызы Нұрсәуле Тілдабаева

# GAMER BALA

## Үздік капитан

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5 қаз)
М 86

**Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.**

**М86 GAMER BALA. Үздік капитан:** Балаларға арналған әңгімелер. / Г. Мұхтарбекқызы, Н. Тілдабаева: – Алматы: Астана-кітап, 2021. – 36 б.

**ISBN 978-601-7821-75-3**

Бүгінгінің балалары технологиямен бірге өсуде. Геймер Санжар түрлі видео ойындар ойнап, уақыт өткізеді. Ол ойындарда Дем, Ақылды ара, Құмырсқалар капитаны және Балапанмен достасып, шытырман оқиғаларға тап болады. Осылайша, ол табиғатты аялауды, еңбекқор әрі мейірімді болуды, денсаулықтың қадірі мен тазалықтың не екенін үйреніп, кейіпкерлермен бірге дамиды.

Түрлі тапсырмадан тұратын кезеңдерден Санжар қалай өтті? Өзіне қандай жаңалықтар ашты? Осы және басқа сұрақтарға жауап табу үшін, Санжармен бірге видео ойындар әлеміне саяхатқа шақырамыз!

Кітап бастауыш сынып оқушыларына, мұғалімдер мен ата-аналарға арналады.

ӘӨЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5 қаз)

**ISBN 978-601-7821-75-3**
©Астана-кітап, 2021

# Үздік капитан



## Құрметті оқырман!

Осы демалыста Санжар жазғы лагерьге келді. Алайда Санжар футбол командасымен тіл табыса алмады. Достарына ашуы келген Санжар орманға кетіп қалады. Геймер бала құмырсқаларға қарап отырып кезекті ойын бастайды. Ойында құмырсқалар капитанымен танысады. Бұл қарапайым құмырсқа емес еді. Біз білмеген құмырсқаның тылсым қасиеті Санжарды таңғалдырды. Бұл жолы Санжар жеңіске жете алды ма? Құмырсқалар капитаны қандай ақыл айтты? Үздік капитанның қасиеттері қандай?

Санжар құмырсқалардың тіршілігінен бірлік, жауапкершілік, батылдық, әділдік пен жанашырлықтың не екенін түсінеді. Бала осы қасиеттерді бойына сіңіру арқылы нағыз көшбасшыға айналады.

Әңгіме желісі шытырман оқиғаларға толы. Кітапта баланың өздігінен қызығып, жаттап алуына болатын өлең шумақтары берілген. Суретшінің бірегей қолтаңбасы кітаптың мағынасын аша түседі.

# Мазмұны


Жеңіліс ........ 6

Бірлік ........ 18

Еңбекқорлық ........ 21

Жауапкершілік ........ 24

Шабуыл ........ 26

Жер ананы құрметтеу ........ 30

Кешірім сұрау ........ 32

Ойын ........ 34




## Жеңіліс

Санжар сыныптастарымен жазғы лагерьге келді. Лагерь әсем таудың етегінде орналасқан. Лагерьге келген күні тәрбиешілер жасөспірімдер футбол командасын жасақтады. Санжар шабуылшы болып жазылды.

